


Автоклав 1 (тотбаспайтын диамагнитті болаттан жасалған) магнитті араластырғыш стөлінде орналасқан, ол арқылы реакциялық қоспаны араластыру жүргізіледі. Дозалаушы құрылғы дозалаушы түтіктен 5, ол екі жұп микровентилдерден тұрады: 6 және 7 вентилдер түтікті алкенмен (изобутиленмен) толтыру үшін, ал 8 және 9 вентилдер шығару үшін арналған. Дозалаушы трубкадан 10 босату СО бар баллонның 18 жабық вентилдер кезінде жүргізіледі және ондағы қысымның төмендеуін манометр 11 көмегімен бақылайды; дозалаудың соңында манометр 11 бағытының күрт секірісі жүріп, 8 және 9 вентилдерді жабады. Тәжірибе кезіндегі СО қысымы тұрақты ұсталып тұрды. Термопара 16 реакциялық қоспаның температурасын бақылауға мүмкіндік береді. Электрқыздырғыш 14 термореттегіш құрылғымен 17 жабдықталған.

Автоклавқа бөлме температурасында каталикалық жүйе компоненттерімен бірге спирт салынады. Одан әрі жүйені герметизациялап, жүйеден ауаны шығару үшін екі рет көміртек моноксидімен үрленеді, изобутиленді жібереді, көміртек моноксидінің қажетті қысымын жасап, араластырғыш пен қыздырғышты (қажетті температураға дейін) қосады. Реакция жүргізгеннен соң автоклавты бөлме температурасына дейін салқындатып, түнге қалдырады. Келесі күні реакциялық қоспаны декантациялау арқылы құйып алады; реакция өніміне сәйкес келетін фракцияны бөледі. Мақсатты өнімдер массасын және іс жүзіндегі шығымды анықтайды. Өнімдер тазалығы мен даралығын сыну көрсеткіші бойынша, ИҚ-спектрін түсіру және ГСХ-анализдеу арқылы анықтайды.

Олефиндерді гидроэтерификациялау реакциясын жүргізуге арналған лабораториялық қондырғы сұлбасы



1 - автоклав; 2 – магнитті араластырғыш; 3 – дозатордың капиллярлы трубкасы; 6, 7, 8, 9 – толтыратын микровентилдер; 4 – дозатордың корпусы; 5 – дозалайтын түтік; 10 – изобутиленді реакторға қысыммен айдайтын линия; 11, 12 - манометрлер; 13 - араластырғыш; 14 - электрқыздырғыш; 15 – фторопласты ұштық; 16 - термопара; 17 - термореттегіш; 18 – СО бар баллон; 19 – изобутилені бар баллон.